# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
# ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
# ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ

## №1 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **27.10.2022 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова.

**Күн тәртібі:**

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу;
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
   -әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
   -түлектер моделін әзірлеуге қатысу.
4. Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**1. АК төрағасы Ермекбаева А.Ш сөз алды.** Қайырлы күн, АК мүшелері. Бүгінгі жоспарда жалпы академиялық комитет атқаратын жұмыстарды және ережелерді таныстырып, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын құрып талқылайық. Сонымен қатар, қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижелері туралы сөз болады. Бүгінгі отырыс ашық, аталған мәселелерді талқылауды бастайық.

**АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков** сөз кезегін алды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, АК жұмыстары ұйымдастырылып, «6В023-Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді. Ережелер таныстырылды. Сонымен қатар, Түркістан қаласы, «Turkistan International Airport» ЖШС директоры мен Ахмет Ясауи университетінің Аудармa орталығы директорымен кездесу ұйымдастырылып, кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

**2. АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова сөз алды**. Екінші мәселе бойынша қазіргі заманғы оқу бағдарламаларын реформалауды ескере отырып, еңбек нарығының талаптары, жұмыс берушілердің қажеттіліктері тұрғысынан кәсіби дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатта студенттердің үздіксіз оқыту мен кәсіби дамыту туралы білімді меңгеруі маңызды. Ол үшін пән/модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламаларының жобаларын әзірлеу, шетелдік серіктестік орнату,

цифрландыру және кадрларды даярлаудың шетелдік тәжірибесін анықтау, мамандық бойынша шетелдік серіктестің білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін талдау маңызды. Кадр даярлауда кәсіби құзіретті түлектердің қалыптасуы заман талабы.

3. АК төрағасы А.Ш.Ермекбаева университет түлектерінің моделін әзірлеу бойынша Академиялық департамент ұсынысы кафедраларға таратылып және қызу талқылаудан өткені туралы айтып комитет мүшелерін талқылау натижесімен таныстыруды ұсынды.

**АК мүшесі, Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. З.Сахитжанова сөз алды:** Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасында білім беру бағдарламаларының түлектерінің моделін айқындауда, қажетті атрибуттардың талқыланғанын айта келе, 10 атрибутты атап өтті. 1) коммуникация; 2) шығармашыл, инновацияға бейім; 3) этика және адалдық; 4) көркем және ілеспе аударма дағдылары; 5) әдебиет сыншысы; 6) ағылшын және қазақ шығармаларын салыстыру; 7) шешендік өнерге қабілетті; 8) жаңа ортаға бейімделу дағдыларын меңгерген; 9) Мәдениетаралық қатысым; 10) Менталды қабілетті. Әрбір атрибуттың таңдалу себептері мен маңыздылығын қоса талқыға салып отырды.

**Қазақ филология кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова:** Тыңдай келе, аталған атрибуттарды негізге ала отырып, жеткізу формасын өзгерту керектігін, топтастыра отырып, толықтыруды қажет ететінін алға тартты. Сонымен қатар, «6В023-Тілдер және әдебиет» даярлау бағытының барлық білім беру бағдарламаларын қамти отырып, ортақ ерекшеліктерін академиялық комитет мүшелерімен талқылай келе, төмендегі 10 атрибутты саралап, зерделеп атап шықты.

«6В023-Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша түлектерінің атрибуттары:

1. Коммуникация: қазақ, түрік, ағылшын тіл мәдениеті қалыптасқан, шешен;
2. Тіл және әдебиет саласында жүйелі ойлауға қабілетті;
3. Әлеуметтік ортаға бейім;
4. шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік;
5. этика және адалдық;
6. сараптамашы және креативті;
7. цифрлық дағдыларды меңгерген;
8. филологиялық іс-әрекетке икемді, бейімделгіш;
9. филологиялық зерттеу дағдылары қалыптасқан;
10. мәдениетті, патриот

**АК мүшесі, Ағылшын филологиясы және аударма ісі кафедрасының меңгерушісі сөз алды:** Академиялық комитет мүшелерінің атсалысып талқылай келе жеткен 10 атрибуттың бәрімізге ортақ, тіл және әдебиет бағыты бойынша құзіреттер қамтылғанын атап айтып, келісімге келді.

**АК төрағасы Ермекбаева:** Құрметті АК мүшелері, алда атқарылатын жұмыс өте тығыз. Бірлесе көтерген жүк жеңіл. Жалпы қазан айында жоспарға сай АК құрамы толық нақтыланды, жұмыс жоспары әзірленді, ережесі бекітіліп, АК мүшелерімен таныстырылды.

**Шешім:** Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:** **А.Ш.Ермекбаева**

**Хатшысы:** **С.А.Қонысова**